

и преимуществ следует понимать принятие оказываемых безвозмездно, подлежащих оплате всевозможных услуг». Как видим, никаких дополнительных требований о легальном или любом ином характере этих услуг Верховный Суд не выдвигает.

Таким образом, обобщающим, ключевым свойством предмета взятки является ее имущественный характер. «Предметами взяточничества являются различные имущественные ценности, блага, выгоды, но все они должны носить имущественный характер, предоставлять получателю материальную выгоду, так как получение взятки является корыстным преступлением» [11; 168]. Этот признак позволяет отделить преступное и не преступное поведение субъектов, а также отграничить взяточничество от смежных составов.

Нами рассмотрена часть проблем, связанных с таким неоднозначным в уголовно-правовой теории понятием как предмет взятки. Разумеется, что в рамках одной статьи они не могут быть подвергнуты достаточно глубокому и всестороннему анализу. Поэтому вопрос о предмете взятки остается открытым для дальнейшего научного обсуждения с целью выработки общих согласованных подходов к определению свойств и признаков предмета взятки, а также проблеме квалификации взяточничества в целом.

#### Список литературы:

- 1 Н.В. Бугаевская К вопросу о совершенствовании уголовной ответственности за получение взятки (ст. 290 УК РФ) // Известия Тульского государственного университета. Экономические и юридические науки. – 2012. – № 1. - ч. 2. – С.157-163.
- 2 С.В. Изосимов Э.А. Гейвандов, Предмет взяточничества: проблемы определения содержания // Актуальные проблемы экономики и права. – 2010. – № 4. – С. 56-63.
- 3 Грошев А.В. Ответственность за взяточничество (вопросы теории и практики). – Краснодар: КубГАУ, 2008. – 189 с.
- 4 Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации / [Воробьев В. В. и др.]; под ред. В. Т. Томина, В. В. Сверчкова. - 6-е изд., перераб. и доп. – Москва : Юрайт, 2010. - 1306 с.
- 5 Лопашенко Н.А. Взятничество: проблемы квалификации // Правоведение. – 2001. – №6. – С. 105-116.
- 6 С. И. Сычова Квалификация предмета взятки : Актуальные проблемы Чиновник. - 2006. - № 1 (41). // <http://www.law.edu.ru/doc/document.asp?docID=1232090>
- 7 Семенов Д.А. Уголовно-правовая оценка подкупа: дис. ...канд. юрид. наук. – М., 1999. – 274 с.
- 8 Большой толковый словарь русского языка // <http://www.вокабула.рф/словари/толковый-словарь>
- 9 Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации [Текст] : с постатейными материалами и судебной практикой / под общ.ред. С. И. Никулиной. (автор комментария к гл. 30 УК — Кондрашова Т. В.) - Москва : Юрайт, 2000. – 1184 с.
- 10 Уголовное право. Особенная часть: Учебник для вузов / Отв. ред. И.Я. Козаченко, З.А. Незнамова, Г.П. Новоселов. - М.: Изд. группа НОРМА-ИНФРА.М, 1997. – 830 с.
- 11 Волженкин Б.В. Служебные преступления: Комментарий законодательства и судебной практики. — СПб.: Юридический центр Пресс, 2005. — 560 с.

#### ҚАРАҚШЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫН ТЕРГЕУДІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТИПТІК ТЕРГЕУ АХУАЛДАРЫ

*Назарбаев Н.Ш., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетінің магистранты*

Қылмыстар, ол жайлы ақпараттың пайда болуы мен жоғалуы, ол қылмысты тергеу үрдісі ситуациялық сипатта болып келетіні криминалистермен бұрыннан байқалған. Қылмыстардың нақты уақыт, жер, қоршаған орта, объективті шындықтың әр түрлі байланыстарымен, тұлғалардың өзара қатынастарымен, ерекше жағдайларда болатындығы оның дәлелі болып табылады.

Қолданбалы криминалистикалық аспектіте, ахуал дегеніміз ол қылмыстың жасалу, тергелу барысында туындайтын іс жүзіндегі жағдайлардың және олардың қоршаған ортада іздер түрінде

көрініс табуының іс жүзіндегі жағдайы. Аталаған аталған ахуал криминалистикалық ахуал атауымен белгілі [1; 73].

Тергеу ахуалы дегеніміз ол қылмыс бойынша тергеуді ұйымдастыру барысындағы нақты сәтте туындайтын тактикалық және стратегиялық сипаттағы ахуал.

Қарақшылық шабуылдары бойынша қылмыстық іс көбінесе жәбірленушінің өзінің арызымен, ал егер шабуыл кәмелетке толмағандарға немесе әйелдерге қарсы жасалса және олар қорқыныш сезімінде болып жасалынған туралы өздері арыз бере алмаса, туысқандарының, көршілерінің арызы бойынша басталады. Күзетшілерге шабуыл жасалынған кезде қылмыстық іс олардың арызы немесе лауазымды тұлғалардың хабарлауы бойынша басталады. Жәбірленушілердің емдеу мекемелеріне келіп түсуінен анықтама және тергеу органдары қарақшылық шабуылы туралы есту жағдайлары да көзделеді. Егер жәбірленушінің нашар хал жағдайына байланысты жауап алу мүмкін болмаса және іс бойынша куәлара жоқ болса, қылмыстық іс емдеу мекемелерінен алған хабарламаларының немесе оқиға болған жерді қарау нәтижелері негізде басталады [2; 204].

Қарақшылық шабуыл істері бойынша алғашқы тергеу әрекеттерінің кезектілігі, көбінесе, қылмыс жасау үстінде ұсталған қылмыскерге қатысты немесе жасалған қылмыс фактісі бойынша қылмыстық істің басталуымен тікелей байланысты [3; 8-10].

Тергеудің алғашқы кезеңінде мынадай жалпы болжаулар ұсынылуы мүмкін: қарақшылық шабуыл шынымен жәбірленуші хабарлаған жағдайларда жасалынды; шабуыл шынымен жасалынған, бірақ оқиғаның мән-жайлары арызданушымен бұрмаланған; басқа қылмыс орын алған (бұзақылық, біреудің өміріне қастандықжасау); қарақшылық шабуылы болған жоқ, тек шабуыл инсценировкаланған [4; 59].

Тергеу ерекшеліктерінің қатарына уақыт факторының есепке алу маңыздылығын және осымен байланысты жедел-тергеу тобының оқиға болған жерге шығуға жоғары деңгейдегі дайындығын қамтамасыз ету қажеттілігін жатқызуға болады. Қарақшылық шабуылы тез арада жасалынатын қылмыстар қатарына жататынын ескеру керек.

Тергеудің алғашқы кезеңіндегі тергеу ситуациясы тергеушінің іс-әрекетінің алгоритмін анықтайды.

Қарақшылық шабуылдарын тергеудің алғашқы кезеңінде біртектес тергеу ситуацияларына келесілер жатады:

- қарақшылық шабуылды жасаған тұлға қылмыс үстінде немесе оны жасағаннан кейін бірден ұсталса;

- тергеушіде қылмыстық жазаланатын іс-әрекетті жасаған тұлға жөнінде жеткілікті мәліметтер бар, бірақ ол әлі ұсталынбаса;

- қылмыс жасаған тұлға жөнінде мәліметтер болмаса.

Егер қарақшылық шабуылы туралы хабар жәбірленушіден тез арада түссе, тергеу әрекетінің тәртібікелесідей болуы керек:

- ізін суытпай жәбірленушіні ұстау;

- жәбірленушіден жауап алу;

- тану үшін көрсету;

- жәбірленушіні және күдіктігні куәландыру;

- оқиға болған жерді қарау [5; 215].

Жәбірленушімен өз көзімен көрген – куәлардан жауап алу кезінде шабуылдың жағдайлары, қылмыскердің ерекше белгілері, сонымен қатар, ұрланған заттардың белгілері мен бағасы анықталады.

Егер қылмыстық іс қылмыстың жасалу фактісі бойынша басталып жатса, онда тергеу әдетте:

- жәбірленушіден жауап алудан;

- оқиға болған жерді қараудан;

- киімді қарау және жәбірленушіні куәландырудан;

- жәбірленушіге сот-медициналық сараптама тағайындаудан;

- өз көзімен көрген куәлерден жауап алудан басталады.

Тергеу ахуалы және қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы өзара байланысты және ұқсас түсініктер. Олар қылмысты тергеудің тиімділігін арттыруға бағытталған түсініктер. Алайда айырмашылығы да бар.

Криминалистикалық сипаттама түсінігінің күрделілігін барлық криминалистер мойындайды. Сондықтан, криминалистикалық сипаттама қандай элементтерден тұратындығына келтін болсақ, ол элементтердің саны жөніндегі біріңғай ойлар қалыптаспаған. Криминалистикалық сипаттама түсінігі мазмұнының күрделілігін оңай дәлелдеуге болады, бірақ оның құрамына қандай элементтерді енгізу

туралы осы уақытқа дейін біртұтас көзқарас айтылмаған. Криминалистикалық сипаттама түсінігінің қалыптасуының алғашқы кезеңіне кейбір авторлар оның қатарына қылмыстың қылмыстық құқықтық, процессуальдық сипаттамаларын енгізеді.

Дегенмен де, кейінірек ол өз көзқарасын өзгертіп, төмендегілерді криминалистикалық сипаттама элементтері қатарынан шығарып тастады:

- бастапқы ақпараттың сипаттамасын;
- қылмыстық қол сұғушылықтың пәні туралы мәліметтерді;
- қылмысқа дайындалу, орындау, оның ізін жасыру әдістері мен олардың қылмыстық әрекеттерінің зардабы жөніндегі мәліметтерді;
- қылмыскер мен жәбірленушінің тұлғалық ерекшеліктері туралы мәліметтерді;
- қылмыстың неғұрлым кеңінен таралған ниет себептері туралы жалпылама мәліметтерді.

Р.С.Белкиннің пікірі бойынша, түрлік криминалистикалық сипаттаманы қалыптастыру кезінде қылмыстық құқықтық сипаттаманы ескеру қажет деп санайды. Бірақ бұл қылмыстық-құқықтық сипаттаманы криминалистикалық сипаттаманың құрылымына енгізудің негізі болып табылмайды. Осы пікірді профессор Г.А.Мозговых та ұсынады. Оның ойы бойынша, дәлелдеу пәні бойынша мәселеге де көңіл аудару қажет. Бұрынырақ криминалистикалық сипаттама туралы ілім қалыптаспай тұрып, жеке әдістемеге дәлелденуге жататын мән-жайларды енгізу дұрыс деп есептеген. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын жеке әдістемеге енгізгеннен кейін дәлелдеу пәні арқылы криминалистикалық маңызы бар белгілерді айқындаудың қажеттілігі жойылады.

Т.В.Аверьянова, Белкин Р.С., Ю.Г.Корухов, Россинская Е.Р. өз еңбектерінде: «дәлелдеу пәні мен түрлік криминалистикалық сипаттама - әр түрлі түсініктер» деп өте орынды көрсеткен. Дәлелдеу пәнінің түсінігі сот дәлелдемелер теориясына тән және ол дәлелденуге жататын маңызды мән-жайлардың қажетті жиынтығын көрсетеді. Дәлелдеу пәні мен криминалистикалық сипаттама арасында дәлелдеу теориясы мен қылмыс туралы ілім арасындағы байланыс бар.

Қазіргі уақытқа дейін криминалистикалық сипаттама элементтерінің саны туралы бірыңғай көзқарас жоқ. Бірақ типтік криминалистикалық сипаттамада мынадай элементтерді бөліп көрсетуге болады:

- қылмыс жасау тәсілі;
- қылмыстық қол сұғушылықтың пәні;
- қылмыскер мен жәбірленушінің ерекшеліктері;
- қылмыс механизмі.

Криминалистикалық сипаттаманың осы және өзге элементтері түрлі криминалистикалық сипаттамада неғұрлым жан-жақты қарастырылса, соғұрлым бұл түсінік тәжірибеде үлкен бағаға ие болады.

Криминалистикалық сипаттама – қылмыстарды табу, тергеу және алдын алудың тиімді әдіс-тәсілдерін дұрыс анықтауға ықпал ететін қылмыс туралы мәліметтердің жүйесі болып табылады.

Тергеу ахуалын суреттейтін қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының элементтері келесі.

Қылмыскер тұлғасы – криминологиялық ғылымның негізгі зерттеу объектісі. Криминалистика ғылым ретінде қалыптасқан сәттен бастап, қылмыскердің тұлғасын зерттеу мәселесіне көп көңіл бөлініп келеді. М.Оразалиев қылмыскердің тұлғасын криминалистикалық зерттеуде екі бағытты бөліп көрсетеді. Бірінші бағыт - әрекеттің түрі, орны мен уақытын, қылмыстық қол сұғушылықтың пәнін ескере отырып белгісіз қылмыскердің тұлғасы туралы мәліметтері алуды қарастырады. Екіншісі – субъект тұлғасының криминалистикалық тұрғыдан бағалау мақсатында күдіктің немесе күдіктінің тұлғасын зерттеу [6; 336].

Аталған екінші бағыттың жалпыланған ғылыми нәтижелері қылмыскер тұлғасының типологиялық ерекшеліктері туралы ақпаратты қалыптастыруда маңызы ерекше. Қылмысты тергеу процесінде белгісіз қылмыскердің тұлғасын криминалистикалық зерттегенде оқиға болған жерден табылған материалдық іздерді зерттеу жолымен, сондай-ақ жәбірленуші мен куалардың көмегімен қылмыс жасаған тұлғаның биологиялық, физиологиялық, кәсіби белгілері есепке алынады. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы үшін қылмыскердің әлеуметтік, демографиялық, психологиялық қасиеттері де үлкен маңызға ие [7; 194].

М.А.Лушечкина: жәбірленушінің тұлғасы туралы типологиялық мәліметтер жауап алу және оның қатысуымен өзге тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде жәбірленушімен психологиялық байланыс қалыптастыру үшін маңызы бар [8; 41-49].

Қылмыс жасау тәсілі. Көптеген криминалистердің пікірі бойынша, бұл элемент өте үлкен маңызға ие. Әрбір жекелеген жағдайларда қылмыс жасау тәсілі нақты болады. Қылмыстық-құқықтық

ғылымында қылымыс жасау тәсілі қылмыс құрамының объективтік жағын сипаттау үшін қажет. Ал қылмыстық процестік құқығында бұл элемент қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың бірі және айыптау қорытындысы мен айыптау үкімінің құрылымындағы міндетті элементтердің бірі ретінде қарастырылады.

Қылмыс жасау тәсілі – деп қоршаған орта жағдайлары мен қылмыскердің психофизиологиялық қасиеттерімен анықталған, қылмысқа дайындалу, оны орындау мен ізін жасыру жөніндегі әрекеттердің жүйесін түсінеміз. Қылмыс жасау әдісі криминалистикалық сипаттаманың негізгі элементтерінің бірі екендігі туралы барлық криминалистердің пікірі болып есептеледі. Қылмыс жасау әдісін танып-білу – іс бойынша қажетті мән-жайларды танудың кілті десек те болады.

Қылмыс жасау тәсілдері объективтік және субъективтік факторлар арқылы негізделіп қалыптасады. Объективтік факторларға қылмыскер қол сұққан қоғамдық қатынастардың түрі мен сипатын, қылмыскер әрекет еткен жағдайды, қылмыстық оқ сұғушылық пәнінің ерекшеліктерін жатқызуға, ал субъективтік факторлардың қатарына қылмыскер мен жәбірленушінің психологиялық ерекшеліктерін, қылмыстың неті мен мақсатын кіргізуге болады.

Қылмыс жасау тәсілі күрделі, әрі жинақтаушы ұғым. Қасақана жасалған қылмыстарға байланысты қылмыс жасау әдісі бойынша мынадай элементті көрсетуге болады: дайындалу, орындау, оның ізін жасыру әдістері. Ал абайсызда жасалған қылмыстарда келесідей екі немесе бір элемент орын алуы мүмкін: орындау немесе орындау және жасыру әдістері.

Қылмыс жасау механизмі. Криминалистикалық талдау жасалғанда қылмыс жасау әдісімен бірге, қылмыс жасау механизмі сияқты түсінік те қолданылады. Егер қылмыс жасау әдісі – қылмыстық нәтижеге және оның зардабын жасыруға бағытталған әрекеттер туралы ақпаратты қамтыған жағдайларда қылмыс жасау механизмі барлық компоненттермен өзара байланыста болатын қылмыстық әрекеттердің динамикасын көрсетеді. Әрбір жүйе сияқты, қылмыс жасау механизмі белгілі бір заңдылықтардың әсерімен қалыптасады. Көптеген ғалымдар криминалистикалық сипаттамада элементтің бұл түрін көрсетпейді. Бұл элемент қылмыскер тарапынан болған әрекеттің көп деңгейлігімен, қылмыстық әрекетке белгілі бір қатысушыларды тартумен және көптеген фактілердің әсер етуімен сипатталады [9; 107-109].

Бастапқы тергеу ситуациясы. Л.Я.Драпкин қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының құрылымындағы осы элементке көп көңіл бөлген. Олар: «Жалпы алғанда, тергеу ситуациясы – нақ сол сәтте қылмысты тергеу жүзеге асырылып жатқан жағдайлардың жиынтығынан тұрады» - деп көрсетті. Ол объективтік және субъективтік факторлардың әсерімен қалыптасады. Объективтік факторлар – тергеудің белгілі бір кезеңінде қолданылатын дәлелдемелік және бағдарлаушы ақпараттардың көлемі мен сипатынан құралады. Ал субъективтік факторлар – тергеуші мен іс бойынша қатысушы тұлғалардың өзара қарым-қатынасының ерекшеліктері мен психикалық жағдайынан тұрады [10; 165]. Тергеу ситуациясын тергеу жүргізу үшін маңызды бар ақпараттың қосындысы ретінде қарастырады.

Тергеу ситуациясы белгілі бір тергеу сатысындағы оқиғаның маңызды белгілерін көрсететін фактілік мәліметтердің жиынтығы.

Әр түрлі қылмыс түрлерін тергеудің бастапқы кезеңіне тән тергеу ситуациялары өз сипаты мен сапасы бойынша ерекшеленеді. Дегенмен де, алғашқы тергеу ситуациясы мен ол туралы түсініктер әр түрлі мазмұндағы түсінік болып табылады. Тергеу ситуациясы – алғашқы, аралық және соңғы болып бөлінуі мүмкін және қылмыстарды тергеу әдістемесінде елеулі орынға ие. Криминалистикалық сипаттаманың элементі болып тек бастапқы тергеу ситуациясы танылуы мүмкін және осы арқылы тергеуші қылмыс белгілерін анықтау сәтіндегі жағдаймен таныс болады. Осы қылмыстарды тергеудің әдістемесі тергеудің ең тиімді бағытын таңдауда нақты ұсыныстар жиынтығын, негізделінген ғылыми-техникалық әдістер мен құрал-жабдықтарын және тактикалық тәсілдерін қарастырады. Криминалистикалық сипаттамадағы тергеу ситуацияларын дұрыс бағалау – тергеудің тиімді бағыттарын таңдаудағы маңызды шарт болып табылады [10; 165].

Қылмыс оқиғалары объективтік шындық процестермен және қылмысқа қандай да бір қатысы бар тұлғалардың жүріс-тұрысымен өзара байланысты болатын: уақыт, жер, және қоршаған ортаның нақты жағдайларында орын алады. Қылмыс жасау жағдайларын анықтау және талдау арқылы қылмыс іздерін, куәларды т.б. мән-жайларды анықтау жөнінде өте бағалы криминалистикалық ақпараттарға қол жеткізуге болады.

Р.С.Белкиннің анықтауы бойынша: «қылмыс жасау жағдайы-бұл нақты өмірлік жағдайлар. Оның құрамына оқиғаға қатысушылардың жүріс-тұрысы. Осы қатысушылардың әрекеттеріне ықпал ететін немесе кедергі болатын әр түрлі жағдайлар кіреді» [11; 204].

Қылмыс жасау жағдайларының элементтерін табу және талдау тергеудің неғұрлым тиімді жолдарын анықтау үшін өте бағалы криминалистикалық ақпаратты ұсынады. Қылмыс жасау жағдайлары туралы осы және басқа да мәліметтерді талдау және жалпылау нақты қылмысты тергеу барысында қылмыскердің жұмыс орны мен мекен-жайын анықтауға көмек көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Яблоков Н.П. Криминалистика. –М.: Юристъ, 2007. –С.73.
- 2 Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика. -М, 2002. – С.204.
- 3 Демеуов М. Типы следственных ситуаций при совершении разбойных нападений: алгоритм действий и мероприятий // Фемида. - 2010. - №5. –С.8-10.
- 4 Хабиев Н.Х. Выдвижение версий и планирование расследования по уголовным делам корыстно-насильственной направленности // Юридическая газета. - 2000. - №40. –С.59.
- 5 Абуов А.Ғ. Криминалистика негіздері. - Алматы, 2004. –Б.215.
- 6 Тергеушілерге арналған анықтамалық кітап: Оқу–тәжірибелік құрал/ Оразалиев М., Еркіннов С., Есболаев Ғ. –Алматы: Жеті жарғы, 2009. – Б.336.
- 7 Жәкішев Е.Ғ., Исаев Ә.А., Найманова Г.Х., Тапалова Р.Б., Темірболат Н.С. Криминалистика. – Алматы: «Жеті жарғы», 2006. –Б.194.
- 8 Лушечкина М.А. О направлениях, задачах и понятии криминалистического изучения личности // Вестник МГУ: Сер.11.Право. - 1999. - №3. -С.41-49.
- 9 Турсынбеков Б.Ж. Личность преступника и тактика поисковых следственных действий // Закон и время. - 2001. - №2. -С.107-109.
- 10 Драпкин Л. Я. Основы теории следственных ситуаций. - Свердловск: Изд-во Урал.ун-та, 1987. –С.165.
- 11 Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика. -М, 2002. – С.204.

## НАУЧНЫЕ И ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОЙ РЕГИСТРАЦИИ

*Кабдрашитов К.К., магистрант*

Информационное обеспечение правоохранительной деятельности имеет давнюю историю и ведет свое начало из глубокой древности. Криминалистическая регистрация сформировалась в начале как уголовная регистрация, т.е. учёт лиц, подвергшихся уголовному преследованию. Причиной возникновения уголовной регистрации можно назвать частную собственность и эксплуатацию человека человеком, так как они и порождают преступления. Интересы охраны частной собственности и укрепления классового господства привели к борьбе с преступностью и тем самым к регистрации преступников. Была введена регистрация преступников в виде клеймения, татуирования, увечья, членовредительских наказаний и д.р. Такая практика использовалась в Древней Греции, средневековой Англии, Франции, Германии и других государствах. Одним из первых учетов преступников, который достоверно известен, является список взяточполучателей, обнаруженный голландскими археологами в Сирии близ Бакки, недалеко от Дамаска. Во время раскопок в развалинах здания, ранее используемого в качестве государственного учреждения, был обнаружен полный перечень лиц, занимающих высокие должности и получающих взятки. Ученые считают, что документ был составлен примерно за 1400 лет до н.э. Практика регистрации лиц, совершивших преступления, существует много столетий.

Самым старым документом такого рода является описание беглого раба, относящееся к 14 году н.э. – «Молодой раб Аристогена, сына Хризиппа, представителя от Алабанды, бежал в Александрию, имя его Герман, прозываемый также Нейлос, он уроженец Сирии, из Бамбико, 18 лет от роду, среднего роста, с прямыми ногами, безбородый, с ямочкой на подбородке, с рубцом через левый угол рта». Первым из дошедших до нас описаний внешности преступника в России можно считать кожаную грамоту 14 в. – «Микита плешив, бородат, Швец портной. Бородавица на правом лице, пятно у него в коснице». Как и в первом случае внимание уделено индивидуальным особенностям внешности разыскиваемого человека.